

Аудандық соттарға теңестірілген кейбір соттарды қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 2002 жылғы 25 шілде N 912

Сот төрелігі органдарының халыққа мейлінше жуықтығын және оларға қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында және "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Z000132_ Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес қ а у л ы е т е м і н :

1. Аудандық соттарға теңестірілген кейбір соттар олардың құрамынан аудандық соттарға теңестірілген соттарды бөліп шығару жолымен 1-қосымшаға сәйкес қайта ұйымдастырылсын.

2. Қайта ұйымдастырылған соттардың судьялары 2-қосымшаға орай осы Жарлыққа сәйкес құрылған соттардың судьялары болып саналсын.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы осы Жарлықтың

1-тармағында аталған соттарға істердің аумақтық соттылығын белгілесін.

4. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет осы Жарлықтан туындайтын шараларды қолдансын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 25 шілдедегі
N 912 Жарлығына
1-қосымша

Аудандық соттарға теңестірілген, қайта ұйымдастырылған
және қайта ұйымдастыру кезінде құрылған соттардың
ТІЗБЕСІ

Қайта ұйымдастырылған соттардың атауы	Қайта ұйымдастыру кезінде құрылған соттардың атауы
Маңғыстау облысының Ақтау қалалық соты	Маңғыстау облысы Ақтау қаласының N 2 соты
Қостанай облысының Қостанай қалалық соты	Қостанай облысы Қостанай қаласының N 2 соты
Батыс Қазақстан облысының Орал қалалық соты	Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының N 2 соты
Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалалық соты	Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының N 2 соты

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2002 жылғы 25 шілдедегі
N 912 Жарлығына
2-қосымша

Қайта ұйымдастыру кезінде құрылған соттар судьяларының
ТІЗІМІ

Шығыс Қазақстан облысы бойынша:

Өскемен қаласы

N 2 сотының судьялары Әбдірахманова Гүлжан Қаділқызы
 Әлімбаева Сайран Мәмиқызы
 Арғынберді Мырзағали Қапкенұлы
 Бежекенов Ахметбек Бақытбекұлы
 Дорош Ирина Николаевна
 Кислова Маргарита Владимировна
 Қуанышбаева Рәзия Асқарқызы
 Маманова Анар Амангелдіқызы
 Молдагелдин Марат Кәденұлы
 Сатыбалдин Қайрат Жолдасбекұлы;

Батыс Қазақстан облысы бойынша:

Орал қаласы

№ 2 сотының судьялары Албаков Али Хамзатович

Ғұсманов Тілек Әділханұлы

Жұмабекова Сәуле Кәкімқызы

Ерғалиева Айша Ғайдарқызы

Кленина Светлана Мансуровна

Құрманова Фарида Ғұсманқызы

Мұхитова Әсия Мұсақызы

Өтепқалиева Гүлмира Қаламқызы;

Қостанай облысы бойынша:

Қостанай қаласы

№ 2 сотының судьялары Әбдіров Нұрсейіт Әбдірұлы

Әйішева Зайра Досқалиқызы

Ким Флора Владимировна

Медовикова Ирина Михайловна

Наумова Тамара Александровна

Щеголева Светлана Петровна;

Маңғыстау облысы бойынша:

Ақтау қаласы

№ 2 сотының судьялары Базарқұлова Нұржамал Әбдіманапқызы

Байғұлов Лесхан

Досмұханбетова Мәрзия Ғабдоллақызы

Керімшеев Дүйсенбек Мырзаханұлы

Луканова Мария Сергеевна

Сағындықова Қазила Қуанышбекқызы

Тимохина Оксана Васильевна

Шоқанова Бекзат Шұғайқызы.

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ